

АЛЕҰМЕТ

КЕНТТЕ ӘКІМ ДЕ,
СУДА ЖОҚ

5-бет

EGEMEN – 100

«ЖЕҢІЛ» ЖАЗАСЫ «АТУҒА»
АУЫСТЫРЫЛҒАН ЖОЛДЫБАЕВ

7-бет

ZERDE

БЕЙІМБЕТ МҰРАЛАРЫ

8-бет

DIDAR

ЖҮЗ ЖЫЛ
ТЕРБЕЛГЕН БЕСІК

16-бет

Франция – Еуроодақтағы маңызды серіктесіміз



Сурет Президенттің баспасөз қызметінен алынды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Францияның Экономика және қаржы министрі Бруно Ле Мэрді қабылдады, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Қазақстан мен Франция арасында сенімді екіжақты ынтымақтастық орнанын, әсіресе сауда-экономикалық және саяси салаларда зор мүмкіндіктер барын атап өтті.

– Біз Францияны Еуропа одағы шеңберіндегі негізгі әріптес ретінде қарастырамыз. ЕО – Қазақстанның басты сауда

серіктесі. Екіжақты сауда көлемі 4,5 миллиард долларға жетті. Ал Франциядан ел экономикасына тартылған тікелей инвестициялар көлемі 15 миллиард доллардан асты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанда жұмыс істеп жатқан француз компанияларының табысты қызметін атап өтіп, Франция министріне елімізде олардың тиімді жұмыс

істеуі үшін барлық жағдай жасалатынын айтты.

Б.Ле Мэр Қазақстан Президентіне жылы қарсы алғаны үшін алғысын білдіріп, Франция мен Қазақстанды көпжылдық өзара тиімді стратегиялық серіктестік байланыстыратынын атап өтті. Францияның Экономика және қаржы министрі екі ел арасындағы өзара жемісті іс-қимылдарды барынша арттыруға ниеттестік білдірді.

Соңында Мемлекет басшысы Франция көшбасшысы Эмманюэль Макронға сәлем жолдап, ізгі тілегін білдірді.

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Өкімімен Ғани Сақтағанұлы Нығыметов Қазақстан Республикасы Президенті Өкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды.

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ғабидолла Рахметоллаұлы Әбдірахымов Шымкент қаласының әкімі қызметінен босатылды.

Телефон арқылы сөйлесті

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбековпен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының баспасөз қызметі.

Әңгімелесу барысында таараптар екі мемлекет арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықтың белсенді түрде дамып келе жатқанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі өңірлік

мәселелер де телефон арқылы сөйлесуге арқау болды.

Нұрсұлтан Назарбаев пен Сооронбай Жээнбеков Қазақстан мен Қырғызстанның стратегиялық ықпалдастығын екі елдің игілігі үшін одан әрі тереңдетуді және кеңейтуді қолдайтындарын жеткізді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.Қ.Айтахановты Шымкент қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы

Ерлан Қуанышұлы Айтаханов Шымкент қаласының әкімі болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 30 шілде №82

Ерлан Қуанышұлы АЙТАХАНОВ

1971 жылы туған, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін, Қазақ мемлекеттік заң университетін бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын жеке кәсіпкерлік мекемелерде бастаған. Көлік және коммуникация министрлігінде, Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігінде, Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитетінде басшы лауазымдарда жұмыс істеген.

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, Президент Өкімшілігінің мемлекеттік инспекторы лауазымдарында қызмет атқарған.

2016 жылғы қаңтардан – Түркістан облысы Отырар ауданының әкімі.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

М.С.Әшімбаевті Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі қызметіне тағайындау туралы

Мәулен Сағатханұлы Әшімбаев Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 30 шілде №83